

орытынды мемл

емтихан бойынша
әдістемелік нұсқа
бекіту парағы



Нысан
ПМУ ОҰ 7.18.2/03

Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Психология және педагогика_кафедрасы

БЕКІТЕМІН

С. Торайғыров атындағы
ПМУнің

ОІ

проректоры _____ **Пфейфер**
Н.Ә.

«__» _____ 20 ж.

050905 «ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС» МАМАНДЫҒЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ҚОРЫТЫНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН БОЙЫНША

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Әдістемелік нұсқаулар мамандығының мемлекеттік стандарты 3.08.371-2006 ҚР МЖБС ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалған

Құрастырушылар: ПМУ доценті Ксембаева С.К.
Кафедра _____

«__» _____ 200_ж. кафедра отырысында ұсынылды
№__ хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ Бурдина Е.И.

«__» _____ 200_ ж филология, журналистика және өнер факультетінің оқу-әдістемелік кеңесінде мақұлданды. №__ хаттама

ОӘК төрайымы _____ Жуманкулова Е.Н.

КЕЛІСІЛДІ

Факультет деканы _____ Сарбалаев Ж.Т. «__» _____ 200_ж.

ЖЖӘҚБ ҚҰПТАЛҒАН

ЖжӘҚБ бастығы _____ А.А. ВАРАКУТА“ _____ ” _____ 20
ж.

Университеттің ОӘ кенесінде мақұлданған
№ _____ хаттама, 200 ж « _____ » _____

Мемлекеттік емтиханның мақсаты мен міндеттері

Мемлекеттік емтиханның **мақсаты:** түлектердің әлеуметтік саласындағы халықаралық заңдылықтарды білгенін, мамандығына сай теориялық білімін қолдану дәрежесін, халықты әлеуметтік қорғаудың негіздерін, яғни, кәсіби білім, іскерлік, дағды дәрежесін меңгеруінің, сонымен қатар осы білімді тәжірибеде пайдалана алудың жолдарын тексеру.

Мемлекеттік емтихан міндеттері:

- мамандық бойынша теориялық білімін қолдануын тексеру;
- мамандық бойынша жаңа технологияларды білу дәрежесін анықтау;
- қазіргі ғылыми және тәжірибелік мәселелерді шешуін тексеру;
- түлектердің кәсіби компетенцияларының қалыптасуының дәрежесін анықтау;
- халықты әлеуметтік қорғау, білім беру, әлеуметтік медицина саласындағылардың жаңашылдық технологияларды білуін анықтау.

Емтихан ұйымдастыру шарттары: Әлеуметтік жұмыс мамандығы бойынша мемлекеттік емтихан кешенді түрде өтеді: бірінші бөлігі жазбаша, яғни түлектер төрт пән бойынша (мемлекеттік стандартта бекітілген пәндер) тестілеуден өтеді. Жалпы тест қоры екі жүз сұрақтан тұрады, әр бір нұсқада отыз сұрақтан бекітілген. Емтиханның екінші бөлігі ауызша өтеді, түлектерге бір билетте екі сұрақ беріледі. Мемлекеттік емтиханның нәтижесі осы екі тексерістің қорытындысы ретінде шығарылады. Жазбаша тестілеудің салмақтық үлесі – 0,3, ауызша емтиханның салмақтық үлесі - 0,7. Яғни, тестілеуде максималды балл- 30, ауызша емтиханда максималды балл- 70.

Мемлекеттік емтиханға кіретін пәндер тізімі:

- жалпы және әлеуметтік психология;
- әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары;
- отбасы мен балалармен әлеуметтік жұмыс;
- жастармен әлеуметтік жұмыс;
- Әлеуметтік жұмысты құқықтық қамтамасыз ету.

Мемлекеттік емтиханға жіберу деканат тарапынан бұйрық арқылы белгіленеді.

Қорытынды мемлекеттік емтиханға сипаттама

Мемлекеттік стандарт бойынша 050905 «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының студенттер екі сынақтан өтеді: мамандық бойынша кешенді емтихан тапсырады. Бұл емтиханнан өткен түлектер мамандық бойынша дипломдық жұмысты қорғайды. Осы екі сынақтан өткен түлектер мемлекеттік дипломға ие болады.

Қорытынды мемлекеттік емтиханның алдында шолу дәрістері және кенестер беріледі: олардың кестесі емтихандардың алдында хабарланады.

МАК кестесі студенттерге алдына ала беріледі.

МАК ұйымдастыру шарттары:

Мамандық бойынша кешенді емтихан алдында өтеді, он күннен кейін дипломдық жұмыс қорғауға күн тіркеледі. Дипломдық жұмысының алғашқы қорғауы өндірістік тәжірибенің соңғы аптасында ұйымдастырылады.

Түлектердің міндеттері:

- мемлекеттік емтиханға кіру үшін толық теориялық курсты меңгеру қажет;
- МАК талаптарына сай жұмыс жасау;
- ПМУ ішкі талаптарына сай мемлекеттік емтихандарға дайындалу;
- Кешенді емтихан барысында шынайы білім дәрежесін көрсету;
- Дипломдық жұмысты ПМУ ішкі стандарттарына сай жасап, уақытында кафедраға тапсыру.

Мемлекеттік емтиханды бағалауы

«Өте жақсы» баға келесі жағдайларда қойылады: жазбаша түрде емтиханда – егер түлек 90 баллдан 100 балға дейін алса; ауызша түрде – егер түлек теориялық тұрғыдан толық жауап беріп, сонымен қатар тәжірибелік іске асыру жолдарын шығармашылық түрде дәлелдейтін болса.

«Жақсы» баға келесі жағдайларда қойылады: жазбаша түрде емтиханда – егер түлек 75 баллдан 89 балға дейін алса; ауызша түрде – егер түлек теориялық тұрғыдан толық берсе, сонымен қатар тәжірибелік білімін де көрсете білсе.

«Қанағаттарлық» баға келесі жағдайларда қойылады: жазбаша түрде егер түлек 50 ден 74 баллға дейін алса, ауызша түрде – егер түлек теориялық тұрғыдан жауап берсе.

«Қанағатарлықсыз» деген баға келесі жағдайларда қойылады: жазбаша түрде – түлек 49 дейін балл алса, ауызша жауап беруде қойылған сұрақтарға жауап берілмесе.

Дипломдық жұмыс қорғау шарттары

МАК шарттары бойынша дипломдық жұмыс жасауда ерекше кесте құрылады, осы кесте бойынша бір күнде он кісіден артық қорғауға жіберілмейді.

Арнайы тізім алдын ала студенттерге хабарланады.

Дипломдық жұмыс қорғауда әр студентке 50 минут уақыт беріледі.

Дипломдық жұмыс былай бағаланады:

«Өте жақсы» егер дипломдық жұмыстың ғылыми деңгейі жоғары болса, мазмұны толық ашылып, зерттеу барысы қойылған мақсат, міндеттерге сай болса. Дипломдық жұмысының теориялық маңыздылығы мен тәжірибелік құндылығы жоғары болса. Тақырыпты зерттеуде студент шығармашылықты танытса.

«Жақсы» егер дипломдық жұмыстың ғылыми деңгейі жеткілікті болса, мазмұны ашылып, зерттеу барысы қойылған мақсат, міндеттерге сай болса. Дипломдық жұмысының теориялық маңыздылығы мен тәжірибелік құндылығы жеткілікті болса. Тақырыпты зерттеуде студент шығармашылықты танытса.

«Қанағаттарлық» егер дипломдық жұмыстың ғылыми деңгейі жеткілікті болса, мазмұны ашылып, зерттеу барысы қойылған мақсат, міндеттерге сай болса.

«Қанағатарлықсыз» егер дипломдық жұмыстың мазмұны ашылмаса, жұмысты безендіру талапқа сай келмейтін болса.

Қайта қорытынды емтиханнан өту шарттары

Мемлекеттік емтиханда немесе дипломдық қорғауда қанағаттарлықсыз баға алған студентке мамандық бойынша толық оқу курсы бітіргені туралы белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

Университетті тәмамдау туралы құжаттарды рәсімдеу және беру тәртібі

Дипломдық жұмыс қорғаған және мемлекеттік емтихандарды тапсырған білім алушыға мемлекеттік аттестациялық комиссияның шешімімен 050905 «Әлеуметтік жұмыс» мамандығына сәйкес әлеуметтік жұмыс бакалавры академиялық дәрежесі беріледі. Қорытынды мемлекеттік аттестациядан өткен және кәсіби білім бағдарламасын меңгергенін дәлелдеген білім алушыға мемлекеттік үлгідегі диплом және оған қосымша беріледі.